РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қыраны көкте қалықтаған азат еліміз жаңа тарихи кезеңге бетбұрыс жасамақ. Қойнауы тарихқа тұнған қазақ елі ел болып қалыптасу жолында талай күрделі де маңызды кезеңдерді бастан өткерді. Мемлекет көшбасшысы Н. Назарбаев 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын күн тәртібіне қойып отыр. Бағдарлама барысында қайта түлеудің маңызды екі процесіне жіті назар аударылды. Олар реформа мен экономикалық жаңғыру. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында барышша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі ...ніксіз.

Қайта түлеу маңызы

...асы Н. Назарбаев өз жол-...: «Мақсатқа жету үшін біздің ...з ісімізден озып жүруі, яғни ...рын жаңғырып отыруы тиіс. ...си және экономикалық жаң-...ды толықтырып қана қой-...рдың өзегіне айналады» деп ...ен. Мақсат айқын болса, іске ...спақ. Ал, істің ілгерілеуі үшін ...с ұлт «бір жағадан бас, бір ...кол шығаратын» мызғымас ...тың жүрегіне айналуы кажет. ...аққа бағдар: рухани жаңғыру» ...амалық мақаласының алғаш-...рінен-ақ қазақи лепті, ұлттың ...асын биіктетін үндеу мен ...т өрнектерін аңғара аламыз. ...е зер салып, шолу жасамай, ...ам басу мүмкін, әсте, мүмкін ...уелсіздік тұғырын орнатққан ...азақстан біршама ауқымды ...ларды жүзеге асырды. Тың ...ға мұрындық болып, серпін ...ұлт санасын жаңғыруына ...н осындай игі істердің бірі ...лғы «Мәдени мұра» мемле-...ағдарламасы. Бағдарлама ...тек қана Алматы қаласында ...с, бүкіл Қазақстан бойынша ...олар бойы қалыптасқан ата-...ымыздың көптеген тарихи ...рі, шет елдердегі архивтік ...дың барлығы қайта қалпына ...п, мемлекеттік тізімдер ...алды. Ал, 2013 жылы «Ха-...рих толқынында» бағдар-...ркылы әлемнің ең белді ...нен төл тарихымызға қа-...каттар жүйелі түрде жинап, ... Міне, небәрі ауқымды екі ...тарих сахнасында алатын ...ор. Одан өзге, «100 нақты ...Қазақстан-2030», «Қазақ-... Бір мақсат, бір мүдде, бір ..., «Денсаулық», «20 игі іс», ...шежіре аманаты» т.б. көпте-ген бағдарламалар болашағымызға бағдар болып, рухани кемеледенуімізге сеп болар хақ. Бұл мемлекеттің рухани, әлеуметтік, саяси, экономикалық мүмкіндіктерін таразыға салып, барлық өлшемдермен өлшеп барып, дүниеге әкелген бағдарлама. Тоғыз ай толғағы жеткен маңызды мәселелердің сөз жүзінде ғана емес, іске асатын орайлы тұсы. Бағдарлама бірнеше мәселелерді арқау етеді. Олар: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық біртұтастылықты сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық тұрғыда жетілуі, сананың ашықтығы. Яғни, біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. Осы талаптарды жүйелеу арқылы Елбасы Отанымыздың әрбір азаматының алдына біршама міндет-мақсаттарды жүктейді. Осы күнге дейін екіұдайлық танытып, сақтықпен қарап келген төл тіліміздің кириллицадан латын әліпбиіне көшірілуі мақсат атаулысының құзар шыңында тұр. Латын әліпбиіне көшу-рухани тәуелсіздігіміздің кепілі, ғылыми тілге етене араласу, төл таңбаның қалыптасуы. Бұл сауалға тұшымды жауап бере білу үшін, еліміздің ертеңіне немқұрайлық танытпағанымыз абзал. Бүгінгі таңда әрбір жоғарғы оқу орындары, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің барлығында «Латын әліпбиіне» көшу тақырыбында форум, конференция, жиын, жиналыстар өтуде. Мақаладағы басымдылықтарды қызу талқыға салып жатқан қоғам қайраткерлері мен бұқара өкілдері мұндай жиылыстарда төбе көрсетіп, белсенді қатысуда. Мәселен, ҚазҰУ-нің журналистика, филология, саясаттану яки гуманитарлық бағыттағы факультеттері мен жаратылыстану бағыттарындағы био-технология, география, химия, физика т.б. факультеттерінде шағын конференция, дебаттар ұйымдастырылуда. Мәселен, қырқүйек айының 20 жұлдызында ҚазҰУ-да «Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің ғылыми-әдіснамалық негізі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шарағa танымал ғалымдар, кәсіби тіл мамандары – лингвистер мен филологтар, ғылыми зерттеу институттары, Қазақстан халқы ассамблеясының ұлттық-мәдени орталықтары мен билік органдарының өкілдері, ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері қатысты. Конференцияны ашқан ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында латын әліпбиіне көшу терең тарихи логикаға негізделгенін атап өтті.

«Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасында қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша жаңа жобалар ұсынылды. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тілінлегі 100 жаңа оқулық» соның айқын дәлелі. Сонымен қатар, патриоттық сезімдерге негізделген «Туған жер» бағдарламасын атап өтпеуге болмайды. «Туған жер» бағдарламасы-алпыс екі тамырмен тулап аққан қазақы қаны мен жүрегі бірге соққан әр азаматтың туған жеріне деген махаббатын оятады. Туған жерін (ауыл, қала, аудан) сүйген әр адамның ыстық ықыласы туған елге ұласады. Осы тұста «Туған ел» атты тағы бір, тың жоба халыққа жол тартпақшы. ҚазҰУ-дегі әл-Фараби атындағы телерадиокешенінде жарық көрген «Туған жерге туыңды тік» көп сериялық, танымдық жобасы туған жерге ғана емес күллі еліңе, ұлтыңа деген сүйіспеншілікті арттырады. Елбасы Н. Назарбаев: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша інкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» деген. Расымен де, Отаныңа деген сыйластық махаббат ана сүтімен дарып, әкенің күшқуатымен жан бітіреді. XXI ғасырдың күллі әлемдік картасында өркениеті дамыған сан салалы ел ретінде, ешкімге ұқсамайтын, бірде-бір елде аналогы жоқ, ұлттық құндылықтарын дәріптеген ұлықты ұрпағы бар ел болу үшін мәдениетімізді дамытуымыз керек. Осы тұста Елбасының іске асыруға тиіс делінген жоспарлардың бірі-«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын мақалаға тиек етемін.

Рухани жаңғыру-ұлттық қодты сақтаумен бірге, ұлттық менталитет, тарих, өркениет, ұрпақ сабақтастығы сынды көптеген құндылықтарды бойға дарытады. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру- ұстаз, ғұлама Ы. Алтынсарин бабамыз жырлағандай: «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын»,күрескер ақын М. Дулатовша айтсақ: «Қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болатын», шөлдегенге су, ашыққанға азық болатын бірегей бағдарлама. Жазушы, ғалым М. Әуезовтің: «Кітаппен дос болған сәттен бастап, адам өзін интеллегент санатына жатқызса» болады демекші, Рухани жаңғырумен танысып, жүзеге асырып, әр сөзіне үнілген шақтан бастап адамзат өзін ұлтын сүйген интеллегент деп санаса болады.

Г. АТАНБАЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының б.ғ.қ. аға оқытушы.
А. ЖҰНІСЖАН, биотехнология кафедрасының оқытушысы.